

қойғандарын не? Орыс халқын масқаралағандарын үшін жауап бересіңдер,-депті бір жазушы мәдениет бөліміне барып» [3; 304].

Бұл да сол өмір бойы биліктің қызығына түсіп, соның биігіне шығуға құлшынып, бар өмірін, қабілетін сол жолға арнаған Камалиденов сияқты хатшыларға жағымпазданып жүрген жазушы сымақтар. Бұл кезде адамды жоғары бағалау үшін оның ақылы, таланты, ар-ожданы, қабілеті емес оның билік сатысындағы орны ескерілетін болды. Осыдан келіп партия ұйымдарында, әсіресе идеология саласында талантты, іскер, жаңалық бастамаға жаны құмар, қажырлы, білгір идеологтар азая түсті. Оның орнына тілалғыш жағымпаздар, ортаңқол қызметкерлер көбейді. Осының салдарынан өз пікірі бар адамдар жоғары бағаланбайтын болды. Айтқанынды тыңдап, айтқанынды орындайтын мансапқұмарлар қызметкерден гөрі, ойлы, қажырлы іскер, мәдениетті өкілдер әлдеқайда қауіпті екенін сезген хатшылар өз қарауындағы жауапты деген салаларға осындай ортаңқол жандарды сүйрелеп, итермелеумен болды. Енді нағыз өнерді игерген жауапты мамандар емес, жағымпаздық өнерін жақсы үйренген епті қызметкерлер көбейіп, солардың жұлдызы жанып, тасы өрге домалайтын болды.

Бекежан Тілегенов дүниеден өткелі ширек ғасыр өтті. Мұхтар Мағауиннің жаңа қазақ әдебиетінің бет бұрысты кезеңінің басы деп бағалаған «Қара жел», «Сексен алтыншы жыл», «Тұйық өмірдің құпиясы» да кітапхананың шаң басқан сөресінен тауып алған құпия әрі кездейсоқ оқырманы сияқты бір көзі қарақты оқырман әлі күтіп жатыр. Б.Тілегенов жазушы және мәдениет қайраткері ретінде Қазақстанның рухани дамуына өзіндік үлес қосты. Ол бас редактор болып тұрған кезде «Жұлдыз» журналының екі жүз жиырма мың таралымға жетті. Сол арқылы барша қазақтың тарихи-көркем ойлау жүйесін қалыптастыруға бұл басылым зор ықпал етті. Мақаламыздың негізгі бөлімінде айта кеткендей Орталық Комитет қудалап, соңына түскен адамдарың қай-қайсысын алып қарасаныз да әлдеқайда биік тұлғалар. Көпшілігі әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихынан үлкен орын алған, халқымыздың мақтанышына айналған ұлтымыздың төл азаматтары. Қазақ халқының, қазақ елінің тарихында сол кешегі мансапқорлар емес, Олжас Сүлейменовтер қалары сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қоскеева Ә. М. Кеңестік идеологияның ұлт зиялыларына тигізген әсері. WORLD SCIENCE № 7(11), Vol.3, July 2016. – Б. 50-55
2. Тілегенов Б. Шығармалар жинағы. Сексен алтыншы жыл: Роман. - Алматы: «Ел шежіре», ҚҚ, 2018. - 328 бет
3. Тілегенов, Б. Шығармалар жинағы [Мәтін] : роман-толғау (айтылмай келген шындық). Т. 2 : Тұйық өмірдің құпиясы / Б. Тілегенов. – Алматы : Ел-шежіре, 2018. - 328 б.

#### **Рымбекқызы Еркеназ**

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасы

*Ғылыми жетекші:*

*п.ғ.м., аға оқытушы*

*Сыздыкова Биби Ергазықызы*

### **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЙ КУЛЬТІ ЖӘНЕ ӘЙЕЛ-АНА ОБРАЗЫ**

Ежелден өздерін табиғатпен тығыз байланыста деп ұққан ата-бабаларымыз қашан да Ай, Күн, жұлдыз, жетіқарақшы, темірқазық сияқты аспан денелеріне аса ізгілікпен қарап, қасиетті деп таныған. Уақыт өте келе, мұндай дүниетанымы мен наным-сенімдері мифологиялық ойлауының нәтижесінде түрлі космогониялық аңыздардың, ертегілер мен эпсаналардың тууына негіз болады.. Фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов алғашқы қауымға

тән рух-иелік мифологияда адамдар аспан денелері сияқты, яғни Күн мен Ай, Шолпан жұлдыз, Үркер тәрізді аспанға көтеріліп, сол жерге орын тебеді деп түсінген. Және бұл адамдардың жерде жүріп күнә жасау сияқты әрекеттерінен кейін орын алады деп сенгендігін: «.. адам айналасын танып білуде жанды-жансыз табиғатты, аспан денелерін, Ай мен Күнді өздеріне ұқсатады. Сол себепті олар о бастан адам болған деп сенеді, тіпті адам кейінен айрылғаннан кейін де адамша өмір сүреді» – деп түсіндіреді [1, 46].

Кейінгі жазба әдебиетте де осы дәстүр үзілмей жетіп, өзінің өткен тарихын, болмысын танып білуге деген құштарлық – жаңа авторлық образдардың тууына ықпал етті, әдебиет пен мәдениетте символдық, аретиптік, поэтикалық қызмет атқарды. Символ адам санасымен тығыз байланысты. Жалпы ол адам санасының даму тарихына сай өрбиді. Бүгінгі күні «символ» ұғымының ауқымы кеңейіп лингвистика, әдебиеттану, мәдениеттану, семиотика және архитектура т.б. ғылым салаларының негізгі нысанына айналған.

Ай туралы аңыздар мен таным түсініктер қазақ мәдениетінде кеңінен орын алған. Ол туралы жоғарыда көрсетілген деректер мен аңыздар кең мағлұмат бере алады. Сондай-ақ, «ай» әдеби шығармаларда образды ашу мақсатында да қолданылады. Бұл қаламгерлердің философиялық дүниетанымымен және мифтік ойлауымен тікелей байланысты әр шығармада түрлі қырынан сипатталады. Мысалы, Ш.Мұртазаның Ай мен Айша повестінің негізге алып қарасақ: «Айша есіктің алдындағы ербиіп тұрған мені көтеріп алып, бауырына қысып, аспандағы топ толық Айға қарап: О, Жаратқан, басқа-басқа, мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – деді. Толықсып тұрған Ай бір аунап түскендей болды. Енді мені қорғайтын Әке жоқ екенін сұңғылықпен сезіп қойған сияқты едім. Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлттың ішіне сүңгіп кетті де жетімдіктің алғашқы түні жан-жақтан қаптап келе жатты» [2,11]. Нақ осы күннен Барсханның балалықтың сөзсіз әдемі алаңы мен әсерлі күндерімен қоштасуы еді. Ал Айшаның бейбақ басына қара бұлттың үйірілуі еді...

Жазушы шығармада Ай образын Айша мен Барсханның бейнесін жасауды жіті назарда ұстап отырған. Ай-жазушының балалық әлемінен сыр шертер серігі. Ол жазушының басынан өткен талай оқиғаларының куәсі. Ай-символдық образ. Жоғарыда берілген үзіндіден Ай образы мінсіз екеніне көз жеткіземіз. Айша көкірегіндегі қайғы-мұңын алдымен Айға айтады. Оған басқа кім жұбаныш бола алады? Оны кім түсінеді? «Толықсып тұрған Ай да бір аунап түскендей...» [2,11]. Осы сөйлем жолдарынан бес жасар Барсхан да жетімдіктің алғаш дәмін татқанда Ай өзіндік көркемдік қызметін мінсіз атқарып шыққандай. Шығармада ай образы «ана» архетипінен бөлек «хабаршы», «жол сілтеуші – дана» архетиптерінің қызметін атқарады. Ай архетипінің мұндай образдарда берілуін К.Г.Юнг психологиясынан кездестіреміз. Онда әйел психикасының әртүрлі аспектілерін білдіретін Ана, Қарт ана, бақсы сияқты әртүрлі архетиптердің аймен байланысты интуитивті және трансформациялық қасиеттерді көрсетеді. Мысалы, К.Г.Юнг өзінің «Душа и миф. Шесть архетипов» еңбегінде Герместің үндірген шыққанда оның жүзіне ай мен күннің сәулесі түскенін: «Айдың өз нұрын төгуі, өз кезегінде, екіұшты болып келеді: бір жағынан, біз мұнда барлық тіршілік иелерінің дамуына көрсеткен аналық қамқорлықпен бетпе-бет келеміз, екінші жағынан – келеңсіздіктің, өлімнің қатысты болуы – ол әр түрлі елестер мен бақсылық мағынасында қолданылады» – деп түсіндіруі осының дәлелі [3, 150]. Жазушының көркемдік кеңістігінің биіктігі Айшаның қуанғанында ай толықсып, тұнжырағанда бұлттың арасына кіріп кетуі психологиялық параллелизм арқылы шебер суреттеледі.

Аталған шығармадағы айды ана образына қарама-қарсы қою арқылы анасына деген махаббатын жеткізу, аймен сырласу, немесе анаға теңеу мотиві Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде де көрініс береді. Шығарма қазақ халқының басынан өткерген қайғысын ядролық сынақтардың құрбаны болған қыз Лейланың өмірі арқылы береді.

Шығармада Лейла мұңын шағу үшін, ішкі жан сырымен бөлісу үшін түн ішінде толықсып, жарқырап шығатын мылқау Айды іздейді, оның Аймен сырласатын мекені – терең сай: «Терең сайға түскен Ай сәулесі бұнығыдан бетер жап-жарық. Жердің бетін кезіп, Ләйләні іздеп жүр... «Қайда кеттің?» «Неғып бүгін жоқсың?» – деп, «ана дауыс» жып-жылы

алақанымен қолын жайып, сай ішінде қалықтап жүгіретіндей» [4, 105]. Немесе, «Құлыным-ай!» – деген ана даусының Ләйләнің құрсақта жатқанда жер асты дүмпуінің, жарылыстың салдарынан қорқып, қол-аяққа тұрғызбайтын әдетінің ес білгенше жалғасқанын айтуы, «әуе саңырауқұлағының» түсіне кіріп мазасын алуы сияқты сюжет арқылы автор адам қолымен жасалып отырған апаттарының салдарынан адам жанына жара салыуы, ананың баладан, баланың анадан айрылуы немесе айықпас дертке шалдығуы сияқты үлкен проблема көтереді.

Шығармада Ай образы – Ұлы Ана архетиптік образға тән. Қыздың айға сыр айтуы, айға қарап тілек тілеуі, мұңын шағуы ертеден келе жатқан таным.

Қазақ әдебиетінде Ай мифологемасы арқылы «Ұлы Ана» архетипін бейнелеу көне дәуірден бастау алады. Мысалы Оғыз қаған жырында айдың нұрынан жаралу туралы мотив бар және бұл мотив кейінгі кезеңдерде де жалғасын тапты.

З.Наурызбаева өзінің «Вечное небо казахов» еңбегінде: «Патриархалдық қоғамда әйел жоғары орынға ие. Ол құдіретті даналыққа ие, аспан мен жер арасындағы делдал. Аңыздарда ол жер Батырына үйленеді, және қазақ халқының немесе белгілі бір текті рудың Ұлы Анасы (промать) болып есептеледі» – деген пікір айтады [5, 134]. Яғни көне кезден қалыптасқан, «Бөрі», «Ұмай ана», «Ай» бейнелері бұл қазақ халқының ұғымы бойынша «аналардың анасы», «Ана» архетипі. Ананың сәбиін тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында көтеріп, оны жарық дүниеге әкелуі, оны ақ сүтімен асырауы, құрсақта болғанда баланың тоғыз ай бойын судың қорғауында болуы, және осы сияқты құбылыстар әлемнің барлық халықтарына ортақ ұғым. Сол себепті мифологияда, діни наным-сенімдерінде жылдерінде де ортақтық болуы заңды. Ай образы арқылы «Ана» архетипінің берілуі кез-келген халықтың түсінігінде қалыптасқан.

Мәселен, Үнді елінің, Қытай халқының, Египет т.б. халықтардың мифтік танымында әйелдер бейнесі Ай арқылы беріледі. Оның құрылымы мен түндегі орналасқан орны, әлем биігінде тұруы, оның жағарып, ескіру процесі түрлі символдық интерпретацияға ие. Халық сеніміндегі айдың толған кездегі бейнесі табыстың нышаны, жаңаруы – өмірдің де қайта жаңғыруы сияқты жорамалдар туғызады. «Ескі ай есірке, Жаңа ай жарылқа» деп қазақтың айға табынуы, оның адам өмірінде маңыздылығын көрсетеді. Үнді халықтарында да айды бейбітшіліктің құдайы деп ұғады, ондағы Кали құдайы арқылы бейнелеп, ол демондар мен қара күш иелерін қуып, адамды «Ұлы Ана» құшағына қайтарады деп түсінген. Сонымен бірге Ай үнді халықтары үшін мәңгілік өмірді бейнелеген, кейбір тайпаларында «мәңгі өлмес кемпір» деп атайды екен.

Айды қызға, анаға, яғни әйел затына теңеу, бейнелеу қазақ мифологиясында да кездеседі. Исламға дейінгі дәуірде айға киелі рух ретінде мінажат еткен. «Ай көрдім, аман көрлім» тіркестер сол сенім негізінде туындаған. Ол туралы Ш.Уалиханов еңбегінде қазақтардың «айға тізерлеп отырып, үш рет мінажат еткен. Айға қарап бетін сипап дұға қылған» деген деректер кездеседі [6]. Кейбір аңыздарда Ай мен Күннің арасында сұлулыққа таласуы жөнінде айтылса, кейбірінде екеуінің татулығы туралы айтылады. Сонымен қатар әйелдің сұлулығын «айдай сұлу», «айқабак», «ай маңдай», «айдай сызылған», «ай жүзі» сияқты теңеу сөздермен сипаттаған.

Сонымен қатар, шығармадағы ай – К.Г.Юнг ұсынған «көлеңке» архетипінің қызметін де атқарып тұр. Оның Ләйләнің көңіл күйімен бірге өзгеруі, айдың жарық беру символы ретінде Ай жанның көлеңкелі жақтарын да білдіреді. Бұл шынайы өмірде жауабы жоқ, бірақ теріске де шығара алмайтын бейсаналық аспектілер ретінде түсіндіріледі.

Ғалым А.А.Хазиева өзінің «Название космических объектов в словаре М.Кашгари» еңбегінде «Толған айға қарап қолыңды шошайтпа» деген тыйым сөздің М.Кашгари сөздігінде кездесетінін айтады. Сондай-ақ ғалым Г.Вамберидің «Ай» сөзінің этимологиялық атауын «Ақ» деп көрсетуін мысалға ала отырып, «ақ жүзді», «айдай жүзді» сөздерінің байланысы болуы мүмкін деген тың пікір келтіреді [7, 386].

Бұл туралы қазақ мифологиясының тілдегі көріністерін зерттеген ғалым Қ.Ғабитханұлы да Г.Вамберидің пікірін негізге алып, қазақ тіліндегі айдың, айқын сөздерінің мағынасы мен түбіріндегі ай сөзінің байланысы бар екендігін айтады. «Ай» сөзінің әуел баста «ақ» түсті

білдіргеніне бұдан басқа бірнеше мысалдар келтіре отырып, ай > ағ > ақ түрінде өзгеруі түркі тілдеріндегі й-ғ-қ дыбыстарының сәйкестігінен болуы керек деген пікір айтады [8, 47]. Ғалым Б.Хасенов ай сөзінің шығу тегі туралы сөз қозғағанда ақ және су сөзіне қатысты да мәліметтерді айта кеткен жөн деп санайды. Ғалымның айтуынша кейбір еңбектерде (Рашид-ад-дин, Вассаф, А.Греков т.б.) Алтын Орданы (Ақ Орданы) – Су Орда деп атауы жиі ұшырасады. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі «су қараңғы соқыр» деген тіркестің «көзі аппақ болып ағарып кеткен» деген мағынаны білдіретінін тілге тиек ете отырып, су сөзі ақ мағынасын білдіретінін айтады. Осыған байланысты ай-ақ-су ұғымдарының о баста бір сөз болғанын білдіреді деген қорытындыға келеді.

Бірақ қазіргі кезде біз осының бір ғана космонимдік атауын қолданамыз. Бұл атаулар бұрын бір ұғымды білдірсе, қазір олардың мағыналық жақындығы бар ма дегенді де анықтап алу маңызды. Алайда Айды – қараңғылықтың көлеңке жағы, айдың су бетіне түскенде тілдесу сияқты белгілері болмаса, екеуінің тікелей, нақты байланысын білдіретін ұғымдар кемде кем.

Түрлі халықтардың мифологиясында Ай маңызды символдық мәнге ие. Мұсылмандардың қасиетті таңбасы – жарты ай таңбасы. Көбінесе бұл таңбаны құлшылық ету орындарына, мазарларға қояды. Сондай-ақ, индуизм мифологиясында ай түннің немесе өсімдіктердің құдайы ретінде белгіленсе, грек мифологиясында айдың титаникалық құдайы Селена деп таныған. Ай культі қазақ мифологиясында сиқырлы, мистикалық, рақымшылық пен сұлулықтың символы болуымен қатар, түрлі салттық-ритуалдық рәсімдермен де байланысты. Мысалы, ежелгі көшпелі мәдениетте жана бір маңызды істі бастау үшін жаңа айдың туғанын күткен. «Жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке» деп, жаңа туған айға құлшылық етіп, тілек тілеген. «Айға қарап қолыңды шошайтпа», «Айға қарап дәрет сындырма», «Айға ұзақ қарама» деген сияқты ырым-тыйымдарға да себеп болған. Себебі, ежелден түркі халықтары аспан әлемін тануға құштар болғаны белгілі. Соның нәтижесінде адамдардың бойында қорқыныш, қуаныш, табыну, т.б. сияқты сезімдер туғызып, қиялдауының нәтижесінде комологиялық мифтер, ертегілер, эпсаналар мен аңыздар дүниеге келді. Кейін бұл сенімдер ислам дініне енгеннен кейін де біршама өзгерістер енгені болмаса, жалғасын тапты.

Қазақ дүниетанымындағы мұндай мифологиялық түсініктер мен наным-сенімдер қазақтың көркемдік-тілдік қорын молайтты молайтты. Мәселен, «Айың оңыңнан туды», «Айы оңынан жарылқады», т.б. тұрақты тіркестер мен, «Толған айдай», Айдай сұлу», «Айдай анық», т.б. теңеулер

Мысалы:

«Толған айдай толықсып,

Ақ сазандай бұлқынып,

Бұралып кетіп барады,

Неше алуан қылықсып...

Туған айдай иілген,

Екі қастың арасы...

Айың тусын оңынан,

Жұлдызың тусын солыңнан,

Тілекті тәңірім бере көр» [9, 99, 410].

Ай көбінесе біздің саналы түсінігімізге қол жетімді емес психиканың жасырын аспектілерін бейнелейтін бейсаналылықпен байланысты. Көркем әдебиетте ол адамның жан дүниесіндегі құпиялылықты бейнелейді. Кейде ол адам құпиясының ашылуы, айнасы ретінде де көрініс береді. Жоғарыда келтірілген шығармаларда бала Мұхтар мен мәңгілік бала бейнесі – Ләйләнің жан сыры мен ішкі жан тебіреністерін ай образы арқылы, аймен тілдесу, сырласу арқылы беруі осы түсініктермен байланысты. Қазіргі қазақ әдебиетінде мұндай тақырыпқа мистикалық жағынан барған жазушылардың бірі – Қ.Мұбарак. Жазушының «Айдың соңғы сәрсенбісі», Ай толған түндегі ақ қыз», «Айна» сияқты әңгімелеріндегі «ай» –

құпиялылықтың, саналы түрде түсіндіруі қиын жұмбақ әлемнің сырын ашушы құрал ретінде қолданылады. Мұнда жазушы кейіпкерінің айға құштарлығы, көлдің бетіне түскен сәулесінен қыздың бейнесін көруі, қайткенде айға жетуді мақсат етуі.

« – Жаныңа барар едім, амалым жоқ, жете алмаймын. Маған қарағанда сен құдіретті шығарсың, келсеңші менің қасыма» – деп, көлдің жанына баруын жиілеті түседі. Ақыры жігіттің тілегі орындалып, көлдің шет жағына «айна» түседі. Айнаға қарағанда «сық-сық күлген қыз дауысы шығады» [10, 253]. Жазушы оқырманын ынтықтыру үшін мистикалық уақыт пен мистикалық орынды дөп тауып қолданады. Мұндағы айдың қызға айналатын уақыты – түн, орны – көлдің жағасы. Ай сәулесі көлге түскенде қыздың бейнесін көреді. Бұл жоғарыда келтірілген «ай – ақ – су» ұғымдарының байланысын білдіреді деуге негіз бар. Ай – мистикалық бейне. «Айға ұзақ уақыт қарамау», «айға қарап теріс әрекеттер жасамау» сияқты ырым-тыйымдар мұның Қ.Мұбарак ойының мағынасын тереңдете түседі. Әсіресе, есік алдында тұрған шалдың: «Әкел бері айнаны, Сенің тегің топырақ, оның тегі от, әуре болма, өртеніп кетесің!» – деуі оқырманды алдағы уақытта күтпеген жағдай орын алатынынан хабардар етеді. Өңгіме: «Есімді жиғанымда үстімізде лыпамыз жоқ, екеуміз айда отырмыз. Жердегі айнаға қарадым. Айнаның бетінде қыздың аппақ көйлегі мен менің құр денем қалықтап жүр» – деп аяқталады [10, 255]. Шағын ғана әңгімеде «айна» мен «ай» мифологемалары арқылы қазақ дүниетанымынан, мистикалық-мифологиялық таным түсінігінен ақпарат береді. Айды әйел бейнесіне айналдырып, жігітті еліктіріп әкетуі, жігіттің сезімінің еркімен кете баруы «От – тілсіз жау» деген мақалдың астарын сездіреді. «Оның тегі от» екенін келтіре отырып, «отпен ойнама, нәпсінді тый!» және «сенің тегің топырақ» деген бір ғана сөз арқылы адам неден жаралса, сонда қайту керек деген тәрбиелік мақсаттағы танымдық-философиялық, тұжырым жасалады.

Мифтанушы ғалым С.Қондыбай қазақ мифологиясындағы Айдың кейіптенуінің соңғы жеті-сегіз мың жылдығындағы сатысын тізбектеп көрсетеді:

«1) Ай – мүйізді тағы жануар (бұғы, бөкен, марал) кейпінде (палелит бойына, неолиттің басында);

2) Ай – мүйізді сиыр (бұқа) кейпінде (б.з.д. 8-6 мыңжылдықтар және кейінірек);

3) Ай – мүйізді жылан (айдаһар, бұке) кейпінде (б.з.д. 5-3 мыңжылдықтар және кейінірек), сондай-ақ, адам кейпінде де кескінделуінің пайда болуы;

4) Ай – мүйізді тұлпар кейпінде (б.з.д. 3-2 мыңжылдық, кейінірек);

5) Ай – адам (кемпір, қыз, т.б.) кейпінде, бұл кейінгі, мифтік тұрпайылану немесе мифсіздену заманында болған жәйт» [11, 24].

Бұл жерде ғалым ай кейіптену, яғни құбылуы туралы айтып отырғанын түсінуге болады. Ал қазіргі кезеңде ай образы кейіптеу, құбылудан бөлек символдық-архетиптік қызмет атқарады.

Зерттеу нәтижесінде, әдебиетте, оның ішінде қазақ әдебиетінде Ай образын жасауда тек фольклорлық-мифологиялық мұраларда ғана емес, жекелеген авторық шығармашылықтың барлық кезеңінде де адамның мінез-құлқы немесе психологиялық жай күйін, рухани жан дүниесін, өмір мен өлімді т.б. бейнелеу үшін қолданылады деген қорытындыға келдік. Мұның негізінде жоғарыда Ш.Мұртаза, Р.Мұқанова, Қ.Мұбарак шығармаларына талдау жасалды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қасқабасов С. Таңдамалы. Т-2. Миф. Фольклор. Әдебиет. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.
- 2 Мұртаза Ш. Ай мен Айша. Роман. – Астана: «Елорда», 2000. – 460 бет.
- 3 Юнг К.-Г. Душа и миф: Шесть архетипов. – Киев; М.: Порт-Рояль; Совершенство, 1997. - 384 б.
- 4 Мұқанова Р. Шатыр астындағы Мен. Әңгімелер мен драма. – Алматы: Жазушы, 2008. – 288 бет.
- 5 Наурызбаева З. Вечное небо казахов. Алматы: Сага, 2013. – С.704
- 6 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – Б.158
- 7 Хазиева А.А. Название космических объектов в словаре М.Кашгари «Дивану лугат ит-тюрк» // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2018. №2 (80). 2 Б. – 383-387 б.
- 8 Қ.Ғабитханұлы. Қазақ мифологиясының тілдегі көріністері. – Алматы: Арыс, 2006. – 168 б.

- 9 Бабалар сөзі: Т. 53: Ғашықтық жырлар. – Астана: «Фолиант», 2009. – 456 бет.  
10 Мұбарак Қ. Мұбарак Қ. Жат құшақ. – Алматы: «Атажұрт», 2012. – 272 б.  
11 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 516 б.

**Абдибекова Акерке**

Студентка 3 курса образовательной программы «Журналистика»  
Карагандинский университет им. Е.А.Букетова  
[merik.75@mail.ru](mailto:merik.75@mail.ru)

*Научн. руководитель  
К.ф.н., ассоциированный  
профессор Жумабеков М.К.*

**РОЛЬ РЕГИОНАЛЬНЫХ СМИ В ФОРМИРОВАНИИ СОВРЕМЕННОГО  
СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ПРОСТРАНСТВА (НА ПРИМЕРЕ РАЙОННОЙ ГАЗЕТЫ  
«NURA»)**

Современный рынок периодических изданий в Казахстане представлен газетами и журналами разной направленности, тематики, различных форматов, объема. Среди всего этого разнообразия особое место занимает локальная пресса. Это основной источник информации в районах и областях, своеобразный центр социально-культурных связей, средство координации и регулирования жизни местного сообщества. Районная газета как тип издания в силу своего местного (локального) характера занимает особую нишу в системе казахстанских СМИ.

В самом широком смысле районная газета является общественно-политическим изданием и рассчитана на массовую аудиторию – население данного района, призванная печатным словом содействовать удовлетворению его социальных, производственных и духовных потребностей [1; 3].

Карагандинская область представлена следующими районными газетами - «Абай-ақиқат» (Абайский район), "Ақтоғай аяғы" (Актогайский район), «Сарыарка» (Бухаржырауский район), «Қарқаралы» (Карқаралинский район), «Nura» (Нури́нский район), «Сельский труженик» (Осакаровский район), «Шет шұғыласы» (Шетский район). Каждая из районных газет является надежным связующим звеном между органами власти и населением района, выполняя роль летописца главных событий своего района.

В этом году девяностолетний юбилей отмечает одна из старейших газет Карагандинской области газета «Nura» Нури́нского района, которая всегда была и остается главным источником информации для всех жителей района. «Районка», первый номер которой вышел еще в далеком 1932 году, прошла большой исторический путь. В разные годы сменяла названия - «Сталин жолы» в тридцатые годы, затем «Сталинский путь» в середине пятидесятых, а с 1955 года – «Новый путь» на русском языке и «Жаңа жол» на казахском. В период «хрущевских» реформ стала издаваться межрайонная газета «Сельский труженик» с переводом для нури́нцев на казахских язык «Село еңбеккері».

С 1 мая 1963 года районная газета стала называться «Нури́нский хлебоборб», а с 1991 года начали издаваться две газеты «Нури́нский вестник» и «Жаңа жол». И наконец, с 1 января 1994 года она переименована в газету «Нұра» и издается на государственном и русском языках.

В разные годы районную газету возглавляли такие известные личности: Б.Атшабаров, А.И.Одинцова, Н.П.Кулаков,, А.Х. Даутов, Ж.А.Аубакиров, П.Г.Калюжный, Н.П.Кордонская, Л.И.Крючкова, Л.Г.Иконникова, В.П.Таланов, В.Ф.Мофа, П.П.Назаркин,